

## **Авиациялық қызметтерді сатып алуды өткізу туралы хабарландыру**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - ҰШМҮО) төменде көрсетілген бағыт бойынша медициналық авиация желісі арқылы (халықаралық ұшу) авиациялық қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды жоспарлап отыр:

**қала: Ыстамбұл (Түркия) – Орал (Қазақстан Республикасы),** мамандандырылған медициналық әуе кемесін тарта отырып, бортта реанимациялық бригадасы бар, жатқызып тасымалдайтын орынды ұйымдастыра отырып. Науқас Измит қаласындағы емханада жатыр. Жеткізуші пациентті және онымен бірге жүретін адамды мамандандырылған автомобиль көлігімен медициналық персоналдың сүйемелдеуімен әуе кемесіне жеткізуді ұйымдастыруға міндетті.

**Диагноз:** «G41 Status epilepticus. J96.9 Тыныс алу жеткіліксіздігі, анықталмаған»

**Науқастың жағдайы:** қарқынды терапияны қажет етеді, Глазго шкаласы 9 балл.

**Еріп жүретін адам:** (қарым-қатынасы, аты-жөні): 1 адам (деректер кейінірек беріледі).

**Бағыт бойынша ұшу күні: 2024 жылғы 06 қыркүйекке дейін қоса алғанда.**

**Төлем шарттары:** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан тиісті қаржыландырудан кейін 5 (бес) банктік күн ішінде (*бұл шарт өзгеріссіз және өзге шарттармен баға ұсыныстары қарауға қабылданбайды*). Осыған байланысты, ҰШМҮО Сіздің баға ұсынысыңызды қарауға дайын (баға ұсынысының қолданылу мерзімін көрсетіп, салон мен әуе кемесінің фотосуреттерін ұсыну қажет).

Сатып алуға қатысуға өтінім әлеуетті өнім берушінің қосымшада және шартта белгіленген талаптармен және шарттармен келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Шарттың жобасы Тапсырыс берушінің сайтында орналастырылған <https://emcrk.kz>.

Баға ұсынысын беру орны мен мерзімі: Астана қ., Хусейн бен Талал көшесі, 14 ғимарат мекенжайы бойынша, байланыс телефоны +7 (7172) 70-96-77, 70-17-03, электрондық пошта (e-mail): [info@emcrk.kz](mailto:info@emcrk.kz) **2024 жылғы 05 қыркүйекте сағат 14:00-ге дейін, жауапты тұлғаның байланыс деректерін ұсынумен (ұйымның атауы, лауазымы, аты-жөні, телефоны, E-mail).**

Қосымша: 1 парақ

## Шетелдік ұшуларды орындауға арналған Чек-парақ

Әуекомпаниясы: \_\_\_\_\_

Бағыт: \_\_\_\_\_

(аралық аялдамаларды/жанармай құюды жүзеге асыру кезінде көрсету)

Әуе кемесінің түрі (ӘК): \_\_\_\_\_

Рейс құны: \_\_\_\_\_

Халықаралық ұшуды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін компания:

ӘК негізгі сипаттамалары:

Крейсерлік жылдамдығы: \_\_\_\_\_ км/сағ;

ұшу ұзақтығы: \_\_\_\_\_ км.

- құрамында кемінде 2 (екі) медицина қызметкері бар медициналық бригаданың болуы (білікті, сертификатталған (маман сертификаты бар));
- жатқан күйдегі пациент үшін кемінде 1 (бір) орынның болуы;
- пациентті тасымалдау процесінде қолданылатын медициналық бұйымдардың (медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдар) және дәрілік заттардың болуы;
- еріп жүретін адам үшін бортта кемінде 1 (бір) орынның болуы;
- экипажды, медициналық персоналды, пациентті және еріп жүретін адамды (адамдарды) тамақпен қамтамасыз ету;
- аралық аялдамаларды жүзеге асыру кезінде экипажды, медициналық персоналды, пациентті және еріп жүретін адамды (адамдарды) қонақүйге орналастыру.
- пациент пен еріп жүретін адамды мамандандырылған автомобиль көлігімен, медициналық персоналдың еріп жүруімен әуе кемесінің бортына және қажет болған жағдайда аралық қону орындарына трансфер;
- жоспарланған ӘК ақаулы болған жағдайда, ұшудың жоспарланған уақытынан 6 сағаттан кешіктірмей, сипаттамалары мен медициналық жабдығы жоспарланған ӘК-ден кем емес резервтік ӘК ұсыну;
- ӘК бортында пациентпен аралық қонусыз ұшуды қамтамасыз ету (өте қажет);
- рейсті қамтамасыз етуге (брондауға) растау;
- ұшу алдында және аралық қону кезінде пациенттің жай-күйі туралы ақпарат беру туралы растау.

Ескертпе:

- ұяшықтың ішінде «ИӘ» / «ЖОҚ» деп көрсету керек.

Толтырылған ұяшық болмаған жағдайда ол «ЖОҚ» деп есептеледі.

Ең төмен баға берілген жағдайда, осы чек-Парақ бойынша барынша оң ақпарат берген әлеуетті өнім беруші сатып алудың жеңімпазы болып танылады.

Сатып алу жеңімпазы сайтта орналастырылған біліктілік талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынуы керек

<https://emcrk.kz/ru/zakupki/aviatsionnye-i-meditsinskie-uslugi/dokumenty-po-zakupi>

қолы, мөрі (Халықаралық ұшуды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін әуекомпания немесе компания)